

гическое содержание государственного строя, направляющее и формирующее уголовную политику государства.

Существует лишь один принцип, который не зависит от формы государства. Более того, функционирующий и при отсутствии государства, например в обществе, использующем обычное право. То есть, по сути, претендовать на статус принципа уголовного права может и должен только принцип законности, поскольку только он обусловлен самой сутью государства как аппарата насилия, под страхом наказания запрещающего те или иные деяния, определяемые как преступления. Таким образом, для любого государства принцип законности есть выражение его воли. Что касается иных принципов, то они и указывают на вид государственного строя, коль скоро уголовный закон основывается на Конституции Республики Казахстан и общепризнанных принципах и нормах международного права. В нашем случае мы полагаем, что принципы равенства всех перед законом и судом, справедливости и гуманизма, как принципы уголовного права, носят скорее этический характер, определяющий отношение сотрудников правоохранительных органов к гражданам, независимо от их процессуального статуса. Как и принципы виновной и личной ответственности, экономии уголовных репрессий, неотвратимости уголовной ответственности и наказания, данная группа принципов достаточно мобильна и может изменяться в зависимости от социально-политической конъюнктуры.

Список использованных источников:

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утвержденная указом президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года №858 // www.akorda.kz
2. Алексеев С.С. Государство и право: начальный курс. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрид. лит., 1994. – 192 с.
3. Ленин В.И. Полн. собр. соч. Изд. 5-е. – М.: Государственное издательство политической литературы, 1962. – Т. 33. – 433 с.
4. Бэкон. О достоинстве и об усовершенствовании наук // Собр. соч. – СПб.: Тип. И.И. Глазнова, 1874. – Ч. 1. – 636 с.

Түйін

Осы мақалада автор қылмыстық саясатының қағидаларынан айырмашылығы барын еске алып қылмыстық құқықтық қағидаларын анықтаудағы методологиялық мәселелері туралы талқылау жасайды. Осы позициядан автор дәстүрлі қағидалардың жинағынан қылмыстық құқыққа тек заңдылық қағидасы тиісті басқа қағидалар әртүрлі себептермен байланысты заңшығармашылық және қылмыстық саясатқа жатады деген ойын негіздейді.

Annotation

In given article the author argues on methodological problems of definition of principles of criminal law in a context of their difference from principles of a criminal policy. From this position the author proves thought that from a traditional set of principles the legality principle strictly concerns criminal law only, other principles, due to various reasons, concern principles law creation and the criminal policy as a whole.

М. Ә. Төлеген,

заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті деканының оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары

БАҚ – ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғынан басталған қоғамдық қатынастардың өзгеше сипат алуы өзіне сай құқықтық реформаның да қалыптасуын талап етті. Бұл орайда құқықтық саясаттың, оның ішінде қылмыстық саясаттың негізгі бағыттарын айқындау міндеті тұрды. Ел алдындағы бұл міндетті жүзеге асыруда бұрынғы заңдар қайта қаралып, оның барлығы дерлік жаңа заман талаптарына сәйкес өзгертілді.

Осы мәселелерге қатысты соңғы уақыттарда криминологиялық зерттеулерде және арнайы оқулық әдебиеттерде нақты біркелкі, жүйелі шешімін таба алмай келе жатқан тақырыптардың

бірі, соған сәйкес құқық қорғау органдарының практикалық қызметінде де қиындық тудырып отырған мәселенің бірі қылмыстылықты бұқаралық ақпараттар құралдарында жариялау мен ондағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлі мәселесі болып табылады. Сонымен қатар бұл мәселенің заң шығарушылық процесс барысында қылмыстылықтың жай-күйін нақты игеру мақсатында, сол сияқты өзге де қылмыстылықтың алдын алу шараларын жүргізуде оларды ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыратын арнайы механизмін дайындау жұмысының маңызы өте зор екендігі белгілі.

Ғылымда жалпы ақпарат ұғымының өзі даулы болып табылады, ал қылмыстылықты криминологиялық зерттеуде арнайы әдіс – тәсілдерді (статистикалық-эмпирикалық, математикалық, логикалық – жүйелі, идеализация және формализация, модельдеу, экстраполяция және т.б. тәсілдерді) қолдануда қылмыстылықтың ішкі табиғаты мен мәнін ашу үшін пайдаланылатын методологиялық бастама негіз ретінде қарау тіптен әрқилы пікір тудырып отырған мәселе саналса, ресми статистикалық ақпараттардың ақиқаттылық деңгейін анықтау мәселелері тіптен даулы.

Өйткені оқулық әдебиеттерде бұл мәселелердің шешімі тұтастай біркелкі бағытта келтірілмейді. Бұл мәселе бойынша ғалымдардың келтірген әр түрлі көзқарастарының өзі қылмыстылықтың алдын алуды ақпараттық қамтамасыз ету мәселесінің теориялық тұрғыдан аса даулы болып саналатынын көрсетеді. Мәселенің криминология мен құқықтық статистика ғылымдарында осы сарында пікір-талас тудыруы құқық қорғау органдарының ақпараттық-аналитикалық жұмысын дұрыс жолға қоюда біршама қиындықтар туғызатындығы анық. Тақырыптың осындай сипаттамаларымен теориялық және практикалық өзектілігі жұмыстың кіріспесінде айтылып, оның мазмұнында нақты келтіріледі.

Қылмыстылықтың алдын алу барысында құқық қорғау органдарының ақпараттық-аналитикалық қызметінде бұқаралық ақпараттар құралдарын оның тиімділігін айқындайтын маңызды фактор ретінде қарастыру криминология теориясында соңғы уақыттарда ғана қарастырыла бастаған «тиімділік» мәселесімен тығыз байланысты.

Қылмыстылықтың алдын алуды тиімді ұйымдастыру ең алдымен үлкен үш мәселені шешіп алуды қажет етеді, олар: 1) қылмыстылықты, ондағы өзгерістерді тану мен бағалау; 2) детерминацияның ерекшеліктерін табу, себептер мен жағдайларды анықтау; 3) қылмыстылықпен күресудің жүйесін құру. Аталған жағдайлардың барлығы әрине, тәжірибелік сипаттағы мәселелер, бірақ, ол өз кезегінде оның теориялық базасын қалыптастыруды қажет етеді.

Соңғы уақыттарда мемлекеттік билік органдарымен ерекше қолға алынған қылмыстылыққа, әсіресе сыбайлас жемқорлыққа БАҚ арқылы жаппай күрес жариялау, оның тиімділігін жан-жақты нығайтуға байланысты шараларды жүзеге асыруға баршаның күш салуын талап етеді. Осы орайда диссертант зерттеу тақырыбының жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысын анық негіздеген деуге болады, себебі Қазақстан Республикасындағы қылмыстылықтың алдын алуға байланысты арнайы дайындалған құқықтық саясаттың тұжырымдамасын келтіре отырып, қылмыстық заңнамада қылмыстылықтың алдын алудың алдыңғы орынға қойылғандығы, ал ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз етудің деңгейін көтеруге мемлекеттік маңыздылық берілетін саланы құрайтындығы жөнінде дәйектер келтіреді және бұл ереженің талаптарын жұмыс мазмұнында да айырықша ескерген. Сондай-ақ қылмыстардың алдын алудың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарын, соған орай қылмыстылықпен күресуде қолданылатын ақпараттық ресурстардың қайнар-көздері мен ақпараттық қамтамасыз етудің тиімді амалдарын қалыптастыру туралы зерттеушілердің пікірлері мен ойлары мемлекеттік деңгейге көтеріле бастаған заңгер ғалымдардың, атап айтқанда С.С. Босхоловтың, Ү.С. Жекебаевтың, Ә.Х. Меңдіғұловтың, Р.Т. Нұртаевтың, Е.І.Қайыржановтың, В.В. Лунеевтің, А.Э. Жалинскийдің, И.И. Карпецтің және т.б заңгерлердің бағалаулары мен практика материалдарымен негіздейді.

Қылмыстылықпен байланысты қылмыстың оқиғасы да, оны жасағандар да, оның себептері мен жағдайлары да, алдын алу шараларының тиімділігі де оның алдын алуға шақырылған субъектілерге «ақпарат» түрінде жетіп, сол нысанда сақталып, пайдаланылатындығы анық.

Ақпарат бүгінде қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуды анықтайтын негізгі фактор мен ресурс болып, оның анықтамасы «жалпы ғылыми» статуска ие болды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда дүние жүзілік қауымдастық «ақпараттық мөлдірлікті» негізгі мәдениет

ретінде таниды. Аталған жағдайларға сәйкес, қылмыстылықтың жай-күйі туралы статистикалық ақпараттардың шынайылығын қамтамасыз ету мен оны тиімді пайдалана білу, қоғамдағы бұл феноменмен күресудің жүйесін ұйымдастыруда ерекше өзекті мәселеге айналды. Бұл орайда, қылмыстық статистиканың шынайылығы мен халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімінің арасындағы байланыс қылмыстылықтың латенттілік деңгейін анықтайтын басты факторлардың бірі екендігі анықталды. Сондықтан, бүгінгі құқықтық мемлекет пен ашық демократиялық қоғам құру жолындағы Қазақстанның даму бағыты қылмыстарды жасыру, қылмыстар туралы арыздарды қабылдамау, қылмыс құрамының белгілері бола тұра қылмыстық істі қозғаудан бас тарту сияқты қоғамда орын алатын фактілерге бой ұсына алмайтындығы белгілі.

Қазіргі кезеңдегі қылмыстылықтың латенттілігі, халықтың құқықтық және ақпараттық сауатының төмендігі, статистикалық тіркеу карточкаларындағы қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын анықтап, оларға қатысты дер кезінде шаралар қолдану механизмінің болмауы қылмыстылықтың алдын алу қызметінің тиімділігін төмендетеді. Ал, халықты қылмыстылық пен қылмыскерлер туралы шынайы ақпараттармен қамтамасыз ету, оларды қылмыстылықтың алдын алуға етене қатыстыру, қылмыстылықтың алдын алудың мүмкіндіктерін паш ететін ақпараттармен құлақтандыру оның дер кезінде нақты себептері мен жағдайларын анықтап, алдын алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, елімізде 2007 жылға дейін маңызды әлеуметтік – экономикалық кешендерді жедел қарқынмен қозғалысқа келтіретін, халықтың мемлекеттік билік көмегін ақпарат арқылы жедел алуын қамтамасыз ететін «Электрондық Үкімет» құру көзделіп, оның жекелеген мақсаттары шын мәнісінде орындалуда. Тиісінше Қазақстанда ақпараттандырудың күшті қарқыны, ақпараттық бағдарламаларды дамыту, цифрлық технологиялардың көмегімен пайдалы ақпараттардың үлкен көлемін жасау үрдісі байқалады. Бұл инфрақұрылымды дамыту Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейін мемлекеттік даму Стратегиясында орын алған басты басымдықтар болып табылады.

Біздегі қылмыстылықпен күресу жүйесіне жүйесі сәйкес келетін көрші Ресей ғалымдарының ойынша, 1990 жылдардан басталған әрі қазіргі уақытта өз жалғасын тауып келе жатқан РФ-дағы сот жүйесінің реформалануы әлі өзін толық ақтай қойған жоқ. Сот-құқықтық реформалануы аясында құқық қорғау жүйесін кеңейту жаңа органдардың пайда болуы байланыстырылды (салық полициясы, есірткі заттарының заңсыз айналымын бақылау комитеті, кеден қызметі), құқық қорғау органдары мен сот органдарында кадрлық құрам өзгертілді, қылмыстық, азаматтық, арбитраждық сот өндірістері өзгертілді. Алайда бұл өзгерістердің барлығында да қылмыстылықпен күресуде өз тиімділігін көрсеткенімен жаңа мәселелерді алдыға көлденең тартты.

Отандық тәжірибе тәжірибе қызметкерлері арасындағы зерттеушілер мен мамандардың ойларынша, құқық қорғау органдарының кадрлық құрамын жаңарту, көбіне «ең адал», «принципалды», кәсіби мамандарды «ығыстыру» арқылы жүзеге асып жатты. Сонымен қатар ресей заңгерлері қандай да бір объективті себептерсіз құқықтық актілерде қылмыстық ізге түсуден құтылдыратын иммунитеттерді бекітіп отырды [1], ол өз кезегінде қылмыстылықпен күресу тиімділігіне, құқықтық тәртіпті нығайтуға өзінің кері әсерін тигізді, сонымен қатар халықтың жүргізіліп жатқан реформаларға деген негативті қатынасын туындатты. Сондықтан қалыптасқан бұл жағдай Ресей мемлекетінің қазіргі басшылығына қоғамдық қатынастардың кримиогендік потенциалын төмендету үшін олардың алдында жұмыс жасағандардың қоғамдық қатынастарды реформалауда жіберген кемшіліктерін ескеруге мәжбүрлейді [2, 362 б.].

Көптеген өзгерістер енгізілді – реформалау дамыған мемлекеттердің мәдениетіне жақындау, Конституцияның, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидалары мен нормалары, РФ-ның халықаралық шарттары мемлекетке қылмыстылықпен күресуде радикалды өзгерістерді талап етті. Қылмыстылықтың алдын алудың негізі болып кең мазмұнды мағынадағы әлеуметтік-экономикалық шаралар құрауы тиіс. Қылмыстылықпен күресті арнайы, көбіне репрессивтік сипаттағы ерекше шаралар емес, нақты осы әлеуметтік шаралар анықтауы тиіс [2, 496 б.].

Мамандардың болжамы бойынша кримиогенді экономика ХХІ ғасырдың фундаментальды негізі болады, ал футурологтардың сендіруі бойынша мәселе қоғамның криминалды қақпаннан босай алмауында емес, экономика саласында әлеуметтік институттар мен біздің

күнделікті өмірімізде криминалдық бақылауды азайту мүмкін бола ма дегенде болып отыр [3, 508 б.].

Сонымен қылмыстық саясатта ең маңызды стратегиялық бағыт «қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өмірін модернизациялау» сондай-ақ, «қылмыстардың, оның ең жаңа нысандарымен, түрлерімен де күресудің басты бағыты» ретіндегі қылмыстылықты әлеуметтік ескерту болады [4, 300 б.].

Осыдан барып, XXI ғасырдағы қылмыстылықпен күресудің әлеуметтік-экономикалық жоспарларын жүзеге асыру қажеттігі көрінеді.

Біздің ойымызша, қылмыстылықтың алдын алу барысында қоғамдық бақылауды жоғарылату үшін келесі шаралар жүйесін қолдану қажет.

Біріншіден, қылмыстылықтың жай-күйін терең талдай отырып, оның себептері мен жағдайларын анықтап, алдын алуды болжау қызметін тиімді жолға қоюға жағдай жасайтын арнайы орган ашу маңызды нәтижелерге әкелері сөзсіз.

Оны ҚР Бас прокуратурасы мен Байланыс және ақпарат министрлігімен бірлесе отырып құрып, «Қылмыстылықты зерттеу мен болжау ғылыми-зерттеу Орталығы» деп атау негізді болар еді.

Екіншіден, қылмыстар туралы криминологиялық ақпараттарды бұқаралық ақпараттар құралдарының көмегімен “халық алдындағы есеп беру” нысанында жедел арада тарату арқылы халықтың қоғамдық бақылауын жоғарылату қажет. Нәтижесінде “қылмыстық жауаптылықтың міндетті түрде туындау” қағидасы мен ескертушілік қызметтің жоғарғы деңгейде жұмыс істеу механизмінің сапасы артар еді.

Үшіншіден, қылмыстылықтың алдын алуды тиімді ұйымдастыру үшін құқық бұзушылықтар статистикасында қылмыстылықпен байланысы бар барлық уақиғалар есепке алынып, олар БАҚ беттері арқылы қалың жұртқа тез арада оларды құқық бұзушылықтардан сақтандыру мақсатында таратылуы тиіс. Осы жағдайда халықтың құқық бұзушылықтарға қатысты көзқарастары біршама өзгеріп, ол кейбіреулерге құқық бұзушылық әрекетіне тоқтатушы әсер етсе, басқаларға ескертушілік сипатта әсер етері сөзсіз. Өйткені, халықты құқық бұзушылықтар туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде тек қылмыстар туралы ақпараттармен шектелу жеткіліксіз.

Төртіншіден, қылмыстылықтың жай-күйін зерттеу нәтижесінде “криминологиялық календарь” арнайы бағдарламасын дайындау қажет. Онда жыл мезгілдеріне байланысты қылмыстардың ауытқу өзгерістері ескеріліп, қылмыстылықтың алдын алу мақсатында тиімді пайдаланылуы тиіс. Мысалы маусымдық қылмыстар ретінде саналатын “құлақшындарды” тонау қылмысы немесе жаз айларында белгілі демалыс орындарында әртүрлі қылмыстардың, ал оған баратын жол бойында жол-көлік оқиғаларының кейбір жыл мезгілдерінде көп тіркелетіндігі анықталған.

Қолданылған әдебиеттердің тізімі:

1. Долгова А.И. Власть как криминологическая проблема // *Преступность и власть: материалы конференции*. М., Российская криминологическая ассоциация, 2000, С. 6; Королева М.В. Коррупция в сфере правоохранительной деятельности // *Коррупция и борьба с ней*. М., Российская криминологическая ассоциация, 2000, С. 94-95; Майоров А.А., Мецкерский А.С. Иммунитет как способ избежания наказания за совершение преступления // *Коррупция и борьба с ней*. М., Российская криминологическая ассоциация, 2000, С. 53-55.
2. «Современные проблемы и стратегия борьбы с преступностью» / Науч. ред. В.Н. Бурлаков, Б.В. Волженкин. – СПб: Изд. дом СПб-го университета, Изд-во юрид. Фак. СПб гос. университета, 2005 (496) – 592 с.
3. Мануэль К. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. Пер. с англ. Науч. ред. О.И. Шкаратана. М., 2000, 508 с.
4. Кудрявцев В.Н. Стратегия борьбы с преступностью. М., 1998. – 301с.

Annotation

The article of M.A. Tolegen deals with the coverage of separate criminal cases in mass media and effectiveness of public control in the system of combating crime. Success in this fight mainly depends on the need of deep legal and criminal research of this problem.

Резюме

В статье рассматриваются информационные аспекты освещения в средствах массовой информации отдельных видов преступлений и эффективность общественного контроля в системе борьбы с преступностью. Успех в этой борьбе во многом обусловлен необходимостью глубокой уголовно-правовой и криминологической разработкой этой проблемы.

Г.В. Юркова,

кандидат юридических наук, начальник кафедры уголовного процесса Херсонского юридического института ХНУВС, полковник милиции

ВОССТАНОВИТЕЛЬНОЕ ПРАВОСУДИЕ КАК ГАРАНТИЯ ЗАЩИТЫ ПРАВ И ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ ПОТЕРПЕВШЕГО И ОБВИНЯЕМОГО В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ УКРАИНЫ

В условиях становления Украины как правового и демократического государства, а также в связи с признанием человека наивысшей социальной ценностью [1] повышаются требования к органам, осуществляющим уголовно-процессуальное преследование, и в первую очередь к следователям [4].

К настоящему времени некоторые институты уголовно-процессуального права еще не приобрели достаточный законодательный уровень, что негативно отражается не только на деятельности указанных органов, но и на обеспечении прав и законных интересов участников уголовного судопроизводства.

Одним из институтов уголовно-процессуального права, который нуждается в усовершенствовании, является институт освобождения обвиняемого от уголовной ответственности.

Дополнение Уголовно-процессуального кодекса Украины статьей 161 положило начало действия в украинском уголовном судопроизводстве принципа диспозитивности, в соответствии с которым субъектам уголовного процесса предоставлена возможность распоряжаться своими материальными и процессуальными правами. Безусловным усилением действия диспозитивного начала стало закрепление в уголовно-процессуальном законе права обвиняемого на примирение с потерпевшим по делам публичного характера, которое предоставляет возможность суду освободить обвиняемого от уголовной ответственности. Этот институт в период социальных и экономических преобразований приобретает особое значение.

Так, во-первых, защита прав и законных интересов человека и гражданина является одним из приоритетных направлений деятельности правоохранительных органов. Во-вторых, вышестоящие суды вправе отменить или изменить приговор либо постановление в связи с прекращением дела судом первой инстанции при наличии для того оснований, что является одним из существенных нарушений Уголовно-процессуального кодекса Украины (ст.ст. 367, 370) [2]. В-третьих, подготовленные проекты УПК Украины не в полной мере уделяют внимание защите прав потерпевшего, а поэтому некоторые вопросы, касающиеся его процессуального статуса, нуждаются в усовершенствовании. В-четвертых, сегодня в мире все больший авторитет завоевывает восстановительное правосудие, которое является альтернативой уголовной карательной юстиции [7; 8].

Исследуемая проблема неоднократно освещалась в трудах таких ученых, как В. Маляренко, Ю. Баулина, А. Боек, И. Войтюк, П. Головки, Т. Присяжнюк, Е. Фесенко, Н. Ярмиш, О. Олійник, В. Кудрявцев, Г. Хавронюк и др. Однако современная следственная практика, Конституция Украины, международно-правовые акты, состояние института восстановительного правосудия в законодательстве Украины требуют новых подходов к обеспечению качественного расследования, и в конечном итоге – к обеспечению прав и законных интересов лиц, которые принимают участие в уголовном судопроизводстве.

Изменение уголовно-процессуального законодательства предполагает широкое использование достижений правовой науки, учет социальных реальностей, осознание и оценку положительного и негативного украинского и зарубежного опыта уголовно-процессуальной практики.